



БҮЙРҮҚ

08.08.2023 № 59-НҚ

Nur-Sultan қаласы

ПРИКАЗ

город Нур-Султан

«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамына уақытша өтемдік тарифтерін бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 – бабының 15 – тармақшасына, 33 – бабының 1 – тармағының 2 – тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 3-тарауына сәйкес, тұтынушыларға 183 995,25 теңге әкелген шығынды өтеу мақсатында, осы шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін ескере отырып,
БҮЙЫРАМЫН:

1. «Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «Астана-Теплотранзит» АҚ) қолданылу мерзімі 1 жыл, 2023 жылғы 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізіле отырып, жылу энергиясын беру және бөлу қызметіне тарифтік смета шығындарының баптарын орындалмағаны үшін уақытша өтемдік тарифтері осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Астана-Теплотранзит» АҚ-ның реттеліп көрсетілетін жылу энергиясын беру және бөлу қызметіне тарифтердің шекті деңгейін және тарифтік сметаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің 2020 жылғы 30 қазандағы №57-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 23 маусымдағы №44-НҚ бұйрығының әрекет етуі осы бұйрықтың әрекет ету мерзіміне дейін тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Астана-Теплотранзит» АҚ -ның назарына жеткізсін.

4. «Астана-Теплотранзит» АҚ уақытша өтемдік тарифтерін бекіту туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін, кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана



қаласы бойынша Департаменті басшысының орынбасары М. Қуанышбекке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы



К. Кульназаров

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Табиғи монополияларды реттеу комитетінің
Астана қаласы бойынша департаментінің
2023 жылғы 8 тамыздағы №59 -НҚ бұйрығына
№ 1 қосымша

«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамының реттеліп көрсетілетін жылу энергиясын беру және бөлу қызметіне уақытша өтемдік тарифтер

№	Қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Уақытша өтемдік тарифтер, теңге ҚҚС-сыз	Қолдану мерзімі
1	Жылу энергиясын беру және бөлу	тенге/Гкал (01.10.2023ж. бастап - 31.12.2023ж. дейін)	1 466,81	1 жыл
		тенге/Гкал (01.01.2024ж. бастап - 30.09.2024ж. дейін)	1 274,61	